

АПТАЛЫҚ ШОЛУ

2026 жылғы 24 – 28 тамыз



Аптаның негізгі тақырыптары:

01

Қысқаша түйін
Нарықтағы негізгі көрсеткіштер

02

Аптаның негізгі оқиғалары:
Акция
Облигация
ФРЖ, инфляция және АҚШ экономикасы
Шикізат тауарлары және валюталар
Аймақтық көрініс

03

Апта тақырыбы: жоғары кірісті облигациялар
және дефолт қаупі
Алдағы апта
Қорытындылау

Америкалық индекстер аптаны орташа өсіммен аяқтады: S&P 500 индексі 0,49%-ға, Dow Jones 0,53%-ға, NASDAQ 0,85%-ға өсті. АҚШ-тан тысқары динамика аралас болды: MSCI Emerging Markets 1,34%-ға, KASE 1,44%-ға өсті, ал Hang Seng 1,63%-ға төмендеді.

ФРЖ-ның қатаң риторикасы басты назарда болды. Джексон-Хоулдағы конференцияда Кевин Уорш инфляция бойынша 2%-дық мақсатты ұстанатынын растады және, егер баға қысымы сенімді түрде төмендемесе, саясатты одан әрі қатайтуға жол берді.

Шілде айында PCE инфляциясы жоғары болып қалды: жалпы индекс жылдық мәнде 3,7%-ға, базалық индекс 3,3%-ға (ж/ж) өсті. Екінші тоқсанда АҚШ-тың ЖІӨ өсімінің екінші бағасы 1,5% деңгейінде қалды.

NVIDIA-ның күшті есептілігі ЖИ тақырыбын тағы да қолдады: тоқсандық түсім г/г 106% -ға өсті, ал компания келесі тоқсанға неғұрлым күшті болжам беріп, есептеу инфрақұрылымына сұраныс ұсыныстан жоғары болып қалатынын растады.

Brent маркалы мұнай барреліне 88,10 долларға дейін 3,81%-ға, алтын 3,22%-ға төмендеді. UST 10Y кірістілігі 4,73% болып қалды, ал UST 30Y 7 б.т. – 5,21%-ға дейін төмендеді

Қорларға қаражат ағыны әртүрлі бағытта болды: жаһандық акцияларға 4,64 млрд доллар көлемінде қаражат түскенімен, АҚШ акциялары қорларынан 19,56 млрд доллар шығарылды. Сонымен қатар инвесторлар қаражатын бағалы металдарға, АҚШ-тың қысқа мерзімді мемлекеттік облигацияларына және криптовалюталық стратегияларға бағыттады.

Аптаның негізгі сигналы: ЖИ секторындағы компаниялардың мықты қаржылық есептілігі акцияларды қолдап отыр, алайда ФРЖ-ның қатаңдау риторикасы мөлшерлеменің көтерілу қаупін қайта жандандырды. Нарық компаниялардың жоғары пайдасы, төмен құбылмалылық және капитал құнының әлі де жоғары деңгейі жағдайында қыркүйек айына кіріп отыр.

Индекс	Деңгей	Бір аптада	Жыл басынан
S&P 500	7 712	+0,49%	+12,44%
Dow Jones	53 560	+0,53%	+10,70%
NASDAQ	26 402	+0,85%	+13,63%
Euro Stoxx 50	6 486	+0,36%	+10,86%
FTSE 100	10 824	+0,07%	+8,77%
Nikkei 225	66 406	+0,59%	+31,92%
Hang Seng	25 585	-1,63%	-2,86%
CSI 300	4 609	-0,21%	-0,45%
Bovespa	77 265	-0,36%	-9,91%
KASE	11 238	+1,44%	+8,43%
MSCI World	175 665	+2,71%	+9,42%
MSCI Emerging Markets	8 132	+1,44%	+15,65%
MSCI EAFE	4 993	+0,93%	+12,71%
Brent маркалы мұнай, долл./барр.	1 723	+1,34%	+22,67%
Алтын, долл./унция	14,43	-4,63%	-0,55%
Күміс, долл./унция	7 712	+0,49%	+12,44%
VIX	53 560	+0,53%	+10,70%

Акция

Америкалық нарық ФРЖ-ның қатаңдау сигналдарына қарамастан, аптаны өсіммен аяқтады. Нарыққа ірі технологиялық компаниялардың нәтижелері, әсіресе NVIDIA қолдау көрсетті. Компания тоқсандық түсімнің 106%-ға өскенін хабарлап, жасанды интеллект инфрақұрылымына деген жоғары сұраныстың сақталып отырғанын растаған болжамын ұсынды. Есеп жарияланғаннан кейін бейсенбі күні NVIDIA акциялары 8,7%-ға өсіп, технологиялық секторға қолдау көрсетті.

Бұл ретте нарық жыл басындағыға қарағанда анағұрлым кең сипатқа ие болып отыр: S&P 500 0,49%-ға, NASDAQ 0,85%-ға, ал KASE 1,44%-ға өсті. Азияда Nikkei 225 0,59%-ға өссе, CSI 300 0,21%-ға, Hang Seng 1,63%-ға төмендеді. Қытайда инвесторлар ЖИ тақырыбы аясындағы компанияларды саралауды жалғастырды: жартылай өткізгіштер мен инфрақұрылымға сұраныс жоғары деңгейде сақталғанымен, Alibaba акцияларын ірі орналастыру күрделі шығынның ақталу мәселесін қайта көтерді.

Облигация

Мемлекеттік облигациялар нарығында Джексон-Хоулға реакция қисықтың қысқа мерзімді бөлігінде айқын байқалды, ал ұзақ мерзімді кірістілік көрсеткіштері біршама ғана өзгерді. Қорытынды деректер бойынша UST 10Y кірістілігі 4,73% деңгейінде қалды, ал UST 30Y кірістілігі 5,28%-дан 5,21%-ға дейін төмендеді. Германияның 10 жылдық мемлекеттік бағалы қағаздарының кірістілігі 3,25%-дан 3,27%-ға дейін, ал Қытайдың бағалы қағаздарының кірістілігі 1,69%-дан 1,70%-ға дейін өсті.

Кірістілік	31.08.2026	24.08.2026	Өзгеріс
UST 10Y	4,73%	4,73%	0 б.т.
UST 30Y	5,21%	5,28%	-7 б.т.
UK Gilts 10Y	5,06%	5,06%	0 б.т.
Germany 10Y	3,27%	3,25%	+2 б.т.
China 10Y	1,70%	1,69%	+1 б.т.

Кредит нарығы тұрақты күйінде қалды: US HY OAS спреді аптасына 12,5 б.т., USD EM OAS 5,7 б.т., CDX HY 6,4 б.т. тарылды, Сонымен қатар доллардағы жоғары кірісті облигация қорларынан шамамен 1,54 млрд доллар шығарылды. Бұл жағдай нарықтағы кредиттік тәуекел бағаларының әзірге сабырлы күйде сақталып отырғанын көрсетеді, дегенмен капитал ағыны сақтықтың артқанын аңғартады.

Облигация

Джексон-Хоулда өткен конференцияда ФРЖ төрағасы Кевин Уорш PCE инфляциясы бойынша межелі 2%-дың өзгеріссіз қалатынын растады және базалық баға қысымы жеткілікті жылдам төмендемеген жағдайда реттеушінің әрекет етуге дайын екенін атап өтті. Оның сөзінен кейін нарықтың қыркүйек айында мөлшерлемені көтеру ықтималдығына берген бағасы шамамен 35%-дан 60%-ға дейін өсті.

Шілдегі жалпы PCE индексі 0,2%-ға (а/а), жылдық мәнде 3,7%-ға өсті, ал базалық PCE сәйкесінше 0,2%-ға және 3,3%-ға артты. АҚШ ЖІӨ-нің екінші тоқсанға арналған екінші бағалауы 1,5% деңгейінде өзгеріссіз қалды. Мичиган университетінің тұтынушылық көңіл күй индексі шілдедегі 55,2 көрсеткіштен 51,7-ге дейін төмендеді. Бұл ретте ұзақ мерзімді пайдаланылатын тауарларға тапсырыс 1,1%-ға (а/а) өсті, ал жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға алғаш рет етініш бергендер саны 203 мыңға дейін төмендеді.

Шикізат тауарлары және валюталар

Мұнай бағасы алдыңғы өсімнен кейін түзетілді: Brent маркалы мұнайдың бағасы 3,81%-ға төмендеп, барреліне 88,10 долларды құрады. Бұған Ормуз бұғазы арқылы жеткізудің қалпына келуіне қатысты күткен үміт әсер етті. Алтынның бағасы 3,22%-ға төмендеп, унциясына 4 455 долларға дейін түсті, күміс бағасы 3,79%-ға төмендеп, 66,38 долларды құрады.

Доллар индексі DXY 0,91%-ға өсіп, 99,70 деңгейіне жетті. USD/KZT бағамы 1,10%-ға көтеріліп, 463,36 теңгені құрады, бұл апта ішінде теңгенің долларға қатысты әлсірегенін көрсетеді. USD/RUB бағамы 4,17%-ға өсіп, 86,15-ке, ал USD/JPY бағамы 0,70%-ға өсіп, 160,04-ке жетті.

Аймақтық көрініс

Еуроаймақтағы көңіл күй төртінші ай қатарынан жақсарды, ал Германия экономикасы екінші тоқсанда 0,3%-ға өсіп, нарық күтулерінен асып түсті. Іскерлік ахуалдың Ifo индексі 88,8-ге дейін көтеріліп, шамамен бір жылдағы ең жоғары деңгейге жетті. Бұл ретте инфляциялық ахуал әрқелкі болды: Францияда жылдық инфляция 2,4%-ға, Испанияда 4,3%-ға дейін жеделдеді.

Жапонияда Nikkei 225 индексі 0,59%-ға өсті, ал 10 жылдық мемлекеттік облигациялардың кірістілігі 2,93%-ға дейін көтерілді. Токиодағы базалық инфляция жылдық мәнде 1,8%-ға дейін жеделдеді, бұл Жапония банкінің мөлшерлемені одан әрі көтеруіне қатысты күтуді сақтап қалды. Қытайда өнеркәсіптік кәсіпорындардың шілдедегі пайдасы 11,2%-ға (ж/ж) өсті, алайда өсім қарқыны қатарынан үшінші айда баяулады.

Апта тақырыбы: жоғары кірісті облигациялар және дефолт қаупі

Құбылмалылық эпизодтарына қарамастан, экономикалық белсенділіктің жоғары болуы және корпоративтік пайданың өсуі кредиттік спредтердің өте тар деңгейде қалуына ықпал етті. Жоғары кірісті облигациялар нарығындағы спредтер тарихи диапазонның шамамен 4-процентілінде орналасса, индекс кірістілігі шамамен 7,3%-ды құрайды. Бұл сегментті ағымдағы кіріс тұрғысынан тартымды етеді, алайда кредит сапасы нашарлаған жағдайда қауіпсіздік маржасы азады.

Соңғы 12 айда дефолт деңгейі 2,0%-ға дейін өсті, алайда мәселелердің негізгі бөлігі ССС санатында шоғырланған. Жыл басынан бері төлем бойынша 12 дефолт тіркелді, олардың басым бөлігі кабельдік, қағаз және өнеркәсіп салаларына тиесілі. Дефолттың өсуі әзірге жоғары кірісті облигация нарығының жүйелі түрде нашарлауынан гөрі кейбір компаниялардың мәселелерінің жиынтығына көбірек ұқсайды. Қосымша оң сигнал ретінде кредиттік рейтингтердің жоғарылауы бесінші ай қатарынан төмендеуден асып түсіп отырғанын атап өтуге болады.

Алдағы апта

АҚШ-тағы жұмыспен қамту туралы тамыз айындағы есеп: шілдедегі әлсіз есептен және жұмыс орындарын ашудың үш айлық орташа қарқынының күрт төмендеуінен кейін еңбек нарығының тұрақтылығын бағалауға арналған негізгі тест.

Іскерлік белсенділік индекстері (PMI/ISM): өнеркәсіп пен қызмет көрсету секторларындағы деректер ФРЖ-ның қыркүйектегі отырысы қарсаңында тұрақты өсімнің сақталып отырғанын көрсетеді.

JOLTS, ADP, жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға өтініштер және АҚШ-тың сыртқы саудасы: еңбекке деген сұраныс пен экономикалық серпін бойынша қосымша сигналдар мөлшерлеменің көтерілу ықтималдығына әсер етеді.

Қорытынды

Апта ФРЖ-ның қатаңдау сигналдары аясында акциялардың қалыпты өсімімен аяқталды. NVIDIA-ның мықты нәтижесі жасанды интеллектке инвестиция жасау циклінің тұрақтылығын растады, ал кредиттік спредтер мен төмен құбылмалылық тәуекелді активтерге сұраныстың әлі де сақталып отырғанын көрсетеді. Сонымен бірге PCE инфляциясы нысаналы деңгейден айтарлықтай жоғары болып отыр, сондықтан ФРЖ-ның қыркүйектегі шешімі нарық үшін қайтадан екіжақты тәуекелге айналуда.

Алдағы кезеңде негізгі фактор еңбек нарығы болады. Жұмыспен қамту бойынша күшті есеп тұрақты инфляциямен қатар жүрсе, мөлшерлеменің көтерілуіне қатысты күтулерді күшейтуі мүмкін, ал жұмысқа қабылдаудың одан әрі баяулауы ақша-кредит саясатының жұмсаруына бағытталған нарықтық баға белгілеулерін қайта жандандыруы ықтимал. Портфельдер үшін бұл нарықтық сезімталдықты барынша арттыруға емес, сапаға, әртараптандыруға және кредиттік тәуекелді іріктеп қабылдауға басымдық беруді қолдайды.

Шолуды дайындаған: Әнуарбеков Алдияр

«BCC Invest» АҚ – «Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы



<https://www.bcc-invest.kz>



<https://www.instagram.com/bcc.invest>



https://t.me/bcc_invest



Бұл материал тек ақпарат беру мақсатында таратылады. Осы материалды тарату инвестициялық кеңес беру қызметі емес. Осы материалда келтірілген ақпарат жеке инвестициялық ұсыным емес.

Осы материалды алушы шешім қабылдау үшін ұсынылған ақпаратқа ғана сүйенбеуге тиіс. Есептеулерді, тарихи деректерді және осы материалда қамтылуы мүмкін өзге де ақпаратты BCC Invest қызметкерлері жария дереккөздерден алынған ақпарат пен деректердің негізінде дайындады. BCC Invest мұндай ақпараттың толықтығын, дәлдігін және анықтығын тексермейді және тексеруге міндетті емес.

BCC Invest ұсынатын кез келген ақпаратты клиент тек өз қалауымен пайдаланады және тәуекелін өзі көтереді. BCC Invest ұсынатын ақпарат қандай да бір бағалы қағазды сатып алу туралы ұсыным және/немесе сату бойынша міндеттеме емес, мәміле жасасуға итермелемейді және инвестициялық, салық және заң мәселелері бойынша, оның ішінде жасалатын мәміленің клиенттің нақты мақсаттарына сәйкестігі туралы мәселе бойынша ақпарат алушыға ұсыным емес.

BCC Invest олар туралы ақпаратты ұсынатын бағалы қағаздармен, оның ішінде шетелдік бағалы қағаздармен, валютамен, базалық активтердің алуан түрлі туынды қаржы құралдарымен (бұдан әрі – «Қаржы құралдары») операция жүргізбес бұрын, осы ақпаратты алушылар аталған қаржы құралдарын сипаттайтын құжаттармен (эмиссия проспектісі және т.б.) танысуы қажет және қаржы құралдарымен мәміле жасасқанға дейін өзінің қаржы, заң, салық, бухгалтерлік есеп мәселелері жөніндегі кеңесшілерінен және өзге де кеңесшілерінен жан-жақты кеңес алуға тиіс.

Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу белгілі бір тәуекелмен ұштасып жатыр, ол үшін жауапкершілік BCC Invest-ке жүктелуі мүмкін емес, өйткені олар тараптардың қисынды бақылауынан тыс және олардың осындай тәуекел салдарын болжау және алдын алу мүмкіндіктері шектеулі немесе мүмкін емес.

Клиент қаржы құралдарымен мәмілелер жасау мүмкіндігін өз бетінше бағалауға тиіс. Клиент, егер оның экономикалық және заңды мәні, құжаттамасы, шарттары мен онымен байланысты тәуекелдер түсініксіз болып қалса немесе ақпарат алушының мақсатына, ниетіне және күткен үмітіне сәйкес келмесе, мәміле жасаспауға тиіс.

Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу елеулі қаржылық және өзге де тәуекелді тудыруы мүмкін. Осы себептен бұл мәмілелер өзіне тиісті тәуекелді қабылдауға дайын және онымен байланысты ықтимал қаржылық шығынды көтере алатын адамдарға арналған. Кез келген мәмілені жасамас бұрын клиент тиісті мәмілені жасасуға байланысты туындайтын тәуекелді түсінетініне және кез келген оқиға өрбіген кезде өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаржылық және өзге де ресурстары бар екеніне көз жеткізуі қажет.

Қаржы нарығында операция жүргізу туралы шешім қабылдаған кезде, қаржы құралдарына инвестициялау күтілетін кірісті алмау, инвестицияланған қаражаттың бір бөлігін, тіпті барлығын жоғалту, ықтимал шығыс пен шығын тәуекелін көтеретінін ескерген жөн.

Болжамды оң кірістілік туралы ақпарат тек болжам ретінде ғана бағалануы мүмкін. Инвестициялық қызметтің бұрынғы нәтижесі болашақтағы нәтижені айқындамайды, ал активтердің құны көтерілуі де, түсуі де мүмкін. Шетел валютасын айырбастау бағамының өзгеруі инвестиция құнының азаюына немесе ұлғаюына әкелуі мүмкін. BCC Invest ақпаратты пайдалану негізінде клиент алуы мүмкін қаржылық нәтижеге қатысты кепілдік бермейді немесе оны растамайды және қандай да бір жауапкершілікті өз мойнына алмайды.

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі. Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берілген 10.07.2018 жылғы № 3.2.235/12 мемлекеттік лицензия.